

**«BD020600- Дінтану» мамандықты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сарсембаев Руслан Менржановичтің «Қазіргі замандағы діни плюрализм жағдайындағы ислам» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШҚІРІ**

Р/н №	Критерийлер	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>Ғуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша ғылымның даму бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері атты Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыстың нәтижелері Қазақстан ғылымындағы діни плюрализмінің болмысын бірқатар аспектіде түсінуге үлесін қосқан. Сонымен қатар, исламдық діндарлықтың және лоялдылықтың гетерогенді діни плюрализм жағдайындағы көрінісін білдіруге өзектілік танытады. Диссертация Қазақстандық діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлықтың және лоялдылықтың ауауалын талдауға септігін типізеді.</p>
3.	<p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Диссертация мазмұнынан автордың өзіндік жазуы байқалады. Себебі диссертацияның алғашқы бөлімінде автор теориялық негіздерді саралай келе діни плюрализмінің прадациялық бейнесін білдірген. Сол сияқты, Қазақстандағы заңдарды салыстыру арқылы құқықтық аспектідегі діни плюрализмінің даму тенденциясын атап өткен. Автордың диссертацияны өзі жазғандығы Тағыда үшінші бөлімінің бірінші тарауындағы шетел мемлекеттеріндегі діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлықты салыстырмалы талдаудан бйлінеді.</p>
4.	<p>Ішкі бірлік</p>	<p>Диссертация өзектілігі Қазақстанның дін саласындағы саясатын және</p>

принципі	<p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>конфессияаралық қатынастың ахуалын зерттеуге нәтижесінде көрініс тауып отыр. Автор ғылыми жұмыстың өзектілігін білдіруге шетел және Қазақстан зерттеушілерінің пікіріне сүйене отырып негізделген.</p> <p>Диссертация мазмұны ғылыми жұмыстың тақырыбын айқындайды. Бұл диссертацияның әр бөліміндегі зерттеу үрдісінің тақырып бойынша ілгеріуенен білінеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияда қойылған міндеттер негізгі мақсатты жүзеге асыруға бағытталған. Егер зерттеу мақсатына назар аударсақ, біз діни плюрализмнің сипатын, оның кеңістігіндегі исламдық діндарлықтың болмысын айқындауға бағытталғанын көреміз. Бұл мақсаттың мазмұны алты міндеттің көлеміне жіктелген.</p> <p>Диссертация құрылысы үш бөлімнен, алты тараудан тұрады. Әр бөлімнің және тараудың арасында логикалық байланыс бар. Диссертация жұмысы діни плюрализмді талдаудан басталып, Қазақстандағы діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлықтың көрінісін айқындаумен аяқталады. Диссертация қорытындысы әр тараудың нәтижелерін түйіндейді.</p>
	<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (кағидааттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор діни плюрализмнің теориялық негіздерін талдауда Джон Хиктің және бірқатар зерттеушілердің гипотезалық сипатта тұжырымдарының қалыптасуы бойынша сыни талдаудың білдірді. Сол сияқты, екінші бөлімнің бірінші тарауында автор заманауи исламдық паттерндердің алғышарттарын түсіндіруге бірқатар ғалымдардың дәлелдемелерін салыстыра отырып жүзеге асырған. Қазақстандағы ислам контекстуализациясы бойынша ойын білдіруге автор бірнеше ғалымдардың деректерін талдап өткен. Жалпы диссертация жұмысында сыни талдау жүзеге асқан және автордың ұсынған шешімдері дәлелденген.</p>
5. Ғылыми жанашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен кағидааттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың ғылыми нәтижелері мен кағидааттарын толығымен жаңа деп санауға болады. Диссертация жұмысында діни плюрализмді өзектендіретін идеялардың кешенді көрінісі басқа ғалымдардың жұмыстарынан кездестірілмейді. Діни плюрализм мен исламның үйлесімділігін алетикалық, сатериологиялық, нормативтік аспектілер көлемінде шетелдік және қазақстандық ғалымдардың жұмыстары негізінде зерттеу автордың дара ғылыми тәсілі ретінде саналады. Автордың қазақстандық діни плюрализмнің сипаты бойынша ғылыми нәтижелері теориялық тұрғыда негізделген. Әлбетте бірқатар ғалымдар</p>



		<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылды); 3) жана емес (25% кем жана болып табылды)</p>	<p>Қазақстандағы діни плюрализмнің кейбір ерекшеліктерін атап өткенімен де, оның теориялық негізін жүйелі талдауға назарын салмаған. Осы тұрғыда диссертацияның авторы діни плюрализмнің теориялық сипатын жүйелі айқындау арқылы Қазақстандағы бұл феноменнің ерекшелігін дәлелдеуі негізгі түрде жана нәтиже болып табылды.</p> <p>Диссертация жұмысында ізденуші өзіндік ғылыми жолмен көптеген жана қорытындылар жасады. Соның ішінде, діни плюрализм бойынша аспектаралық және аспектішілік келіспеушіліктің болуына байланысты жана қорытындысы атып өтсек болады. Бұдан бөлек Қазақстандағы діни плюрализмнің эволюциясы бойынша қорытындысы жана келеді. Бірақ исламдық діндарлықтың өсуі радикализмнің өсуімен тікелей параллельді емес екені жана ғылыми жолмен дәлелденсе де басқа ғалымдардың ойларында кездеседі.</p>
		<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылды); 3) жана емес (25% кем жана болып табылды)</p>	<p>Ізденушінің жұмысы өзіндік ғылыми логикада қалыптасқан. Осыған орай ғылыми жұмыстың үрлісін басқару шешімдерін толығымен жана деп санауға болады. Әлбетте, ғылыми жұмыста техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер кездеспейді. Бұның себебі, жұмыс гуманитарлық-әлеуметтік бағытта жазылған.</p>
6.	Негізгі қорытындыларды негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда адекватты дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ізденуші ғылыми қорытындыларын көбінесе шетелдік және қазақстандық зерттеушілердің ойларына және социологиялық деректерді талдау арқылы шығарған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидастар	<p>Әр қағидаға бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1. Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2. Тривиялды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3. Жана ма?</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қағидастары әр тараудың көлемінде дәлелденген. Діни плюрализмнің өзектілігіне кешенді идеялар негіз болғаны жөніндегі қағида бірінші тарауда дәлелденген. Аспектаралық және аспектішілік келіспеушіліктің болуы жөнінде қағида екінші тарауда дәлелденген. Заманауи діни плюрализмге қатысты паттерндердің алғышарты ортағасырдан бастауы табатыны үшінші тарауда дәлелденген. Алетикалық, сатериологиялық, нормативтік аспектідегі қазақстандық дінтанушылардың позициясы бойынша қағида төртінші тарауда дәлелденген. Қалған екі қағида бесінші және алтыншы тарауда дәлелденген. Жалпы автор әр қағидаға дәлелдеді.</p> <p>Диссертация тривиялды емес. Себебі ғалымның бірнеше аспектідегі, гетерогенді діни плюрализм жағдайындағы зерттеулері өзгеше саналады.</p>

	<p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Автордың ер қиялы жаңа болып табылады. Автордың бірқатар қиялдары қазақстандық зерттеуде байқалмайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қиялдары діни әртүрлілік мәселесіне қатысты ғылыми салада кең қолданбады. Бұл исламтану, дінтану, дін саласына бағытталған саясаттану, әлеуметтану ғылымдарына пайдалы.</p> <p>Қиялдар автордың мақаласында дәлелденген. Мысалы «Государственная политика Независимого Казахстана в отношении исламского возрождения» атты Scopus базасына тіркелген автордың мақаласында діни плюрализм жатпайындалы исламдық діндарлықтың сипатына байланысты қиялдар дәлелденген. Сол сияқты, Scopus базасына тіркелген «The Main Reasons for the Revival of Islam in Independent Kazakhstan» атты мақаласында исламдық діндарлыққа қатысты ғылыми қиялдар дәлелденген. Бұл жатпайды автордың басқа мақалаларынан да байқауға болады.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіс-тәсілдерін таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәйрагеу бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде көрсетілген әдіснама әр тарауды зерттеудің көлемінде көрініс береді. Жалпы автордың әдіс-тәсілдерін таңдауы негізделген деп санауға келеді.</p> <p>Автор диссертацияның көлемінде бірқатар социологиялық мәліметтерді кесте, диаграмма түрінде көрсеткен. Бұл жұмыс автордың жаңа компьютерлік технологияларды қолдану арқылы өңдегенін білдіреді.</p> <p>Ізденуші зерттеу пәні бойынша теориялық деңгейде діни плюрализмге қатысты қорытындыларын жасай отырып, бұл феноменнің аясындағы исламдық діндарлықтың сипатын социологиялық деректер арқылы талдауға көшкен. Ізденушінің зерттеу қорытындылары теориялық және социологиялық дәлелдер арқылы шығарылған.</p>

	8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Ізденуші өз тұжырымдарын және пайымдауларын жасауда шетелдік және қазақстандық ғылымдардың әдебиеттеріне сүйенген. Диссертация соңында көрсетілген әдебиеттерде ізденуші тарапынан пайдаланылған идеялар рәсіммен көрініс табатыны селективті салыстыру арқылы байқалады.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Автор көп шетелдік және қазақстандық әдебиеттерге шолу жасаған. Шетелдік әдебиеттердің басымшылығы ағылшын тілінде. Демек, автор көбінесе ағылшын тілінде ізденіс жүргізгені байқалады. Диссертациядағы теориялық білімнің маңызы бар. Себебі, автордың көрсеткен көптеген мәліметтері әлі қазақ тілінде жарық көрмеген. Мысалы алетикалық, сатериологиялық аспектідегі теориялық білімдері дін саласындағы жоғарғы мектеп үшін маңыздылық танытады.
9	Практикалық құндылық принципі  9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ияе 2) жоқ  9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ияе 2) жоқ  9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Диссертация дінтану және исламтану бойынша оқытатын жоғары оқу орындарындағы мамандықтарға дәрістік материал ретінде пайдалы. Сонымен бірге, конференциялық қатғынастарды реттеу бойынша мемлекеттік органдарға маңызды саналады.  Практикалық ұсыныстар жартылай жана саналады. Себебі, кейбір автордың ұсыныстары біз үшін таныс келеді. Мысалы ақпараттық кеңістіктегі радикалды сегменттің өрістеуі бойынша ұсыныстарын атап өтсек болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы  Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс жазылу стилі жағынан және ғылыми нормаларды сақтауы бойынша сапалы болып табылады. Бірақ кейбір грамматикалық қателерді түзеу керек.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанғында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту



Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантка диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

Ресми рецензент:  
«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті  
университетінің аға оқытушысы,  
PhD доктор



Оқан Самет  
(Аты-жөні)